

ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ШАЛДЫҚҚАН АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ



Stop TB Partnership

TB PEOPLE

Туберкулезге шалдыққан адамдардың **құқықтары** туралы декларация

Кіріспе:

Біз, туберкулезге шалдыққан адамдардың
жаһандық қоғамдастығы,

Туберкулезден зардап шеккен адамдардың құқықтарын көтермелеу және қорғау, заңды, этикалық және моральдық императив болып табылатынын, сондай-ақ эпидемияға қарсы іс-қимылдың тиімділігіне және зардап шеккен адамдар мен қоғамдастықтар арасындағы азаптарды жеңілдетуде шешуші маңызы бар екенін **Мойындай отырып;**

Туберкулезден зардап шеккен адамдардың, оның ішінде туберкулезге қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар шеңберінде адам құқықтарының бұзылуына ұшырағанын және одан әрі жалғастыратынын және бұл құқық бұзушылықтар туберкулезді жоюға кедергі келтіретінін мойындай отырып, осы аурудан туындаған азаптарға қосымша туберкулезден зардап шеккен адамдардың, олардың денсаулық сақтау жүйесіне деген сеніміне нұқсан келтіретінін **Мойындай отырып;**

Туберкулезге шалдыққан адамдардың, олардың тікелей тәжірибесі мен білімі негізінде, дұрыс және тиімді тәжірибеге сүйене отырып, жаһандық, өңірлік, ұлттық және жергілікті деңгейлерде туберкулезге қарсы бағдарламаларды жоспарлаудың, іске асырудың, сараптаудың, қайта қараудың және бағалаудың барлық кезеңдеріне қатысуы тиіс екенін **Атап көрсете отырып;**

Тек қана медициналық немесе денсаулық сақтау тәсілі арқылы туберкулезбен күресу жеткіліксіз екенін және адам құқығына негізделген алдын алу іс шаралары, анықтаулар, емдеу, күтім жасау және туберкулезге байланысты қолдауды құрамына енгізген кешенді тәсіл, Денсаулық сақтау мекемесі қызметтерінің жалпыға бірдей қамтудың ажырамас бөлігі ретінде туберкулезді жою үшін аса маңызды мәнге ие екендігін **Еске ала отырып;** сондай-ақ

Адам құқықтары саласындағы халықаралық және өңірлік құқық осы Декларацияның мазмұнын растайтынын және қамтамасыз ететіндігін, мемлекеттердің құқық ережелерін қолдану және заңды міндеттемелерін түсіндіру мақсаттарына қызмет ететінін **Нақтылай отырып**, соның ішінде:

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын;
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактің;
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактің;
- Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясын;
- Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенциясын;
- Бала құқықтары туралы конвенциясын;
- Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенциясын;
- Барлық еңбек етуші мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенциясын;
- Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын; және
- Босқындардың мәртебесі туралы конвенциясын;

және өңірлік деңгейде:

- Африка адам құқықтары мен халықтар хартиясын;
- Бала құқықтары мен амандығы туралы Африка хартиясын;
- Адам құқықтары туралы Америкалық конвенциясын;
- Адам құқықтары туралы Араб хартиясын;
- Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенциясын; сондай-ақ
- Еуропалық әлеуметтік хартиясын, сондай-ақ

Басқалармен қатар, 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Орнықты даму саласындағы күн тәртібінің орнықты даму саласындағы мақсаттарын, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының туберкулезбен күрес жөніндегі жоғары деңгейдегі кеңесінің Саяси декларациясын, туберкулезді жою жөніндегі «Туберкулезді тоқтату» әріптестігінің Жаһандық жоспарын, дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясының қарарларын, Біріккен Ұлттар Ұйымының кәсіпкерлік және адам құқықтары саласындағы басшылық қағидаттарын, Біріккен Ұлттар Ұйымының байырғы халықтардың құқықтары туралы Декларациясын, Біріккен

Ұлттар Ұйымының Арнайы баяндамашысының Денсаулық құқығы туралы баяндамасы мен мәлімдемелерін және Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да арнайы баяндамашыларының баяндамалары мен мәлімдемелерін, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына мүше мемлекеттер мақұлдаған, туберкулезбен күрестің негізгі қағидаттары ретінде адам құқықтарын, этика мен әділеттілікті қорғауды және көтермелеуді, сондай-ақ азаматтық қоғам ұйымдарымен және қоғамдастықпен күшті коалицияларды белгілейтін, туберкулезді жою жөніндегі дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының стратегиясын, **Ескере отырып;**

Туберкулезге шалдыққан адамдардың құқықтары туралы осы Декларацияны әзірледі.

1 - тарау. Жалпы ережелер

1 - бап. **Анықтамалар**

Осы Декларацияда келесі анықтамалар қолданылады:

Туберкулезге қатысты медициналық көмек – өкпе, өкпеден тыс, дәрі-дәрмекке сезімтал және дәрі-дәрмекке төзімді туберкулезді қоса алғанда, туберкулез инфекциясы мен аурудың алдын алуға, анықтауға және емдеуге байланысты барлық ең тиімді, жоғары сапалы және ең аз зиянды жанама әсерлері бар медициналық тауарлар мен қызметтерді пайдалана отырып, біріктірілген күтім, оның ішінде, бірақ онымен шектелмеген диагностика құралдарын, дәрі-дәрмектерді, кеңес беру қызметтерін және өзге де психологиялық қолдауды, жартылай немесе тұрақты мүгедектікке байланысты ұзақ мерзімді ауруханаға жатқызуды және тұрақты күтімді, қажет болған жағдайда, қауымдастық негізіндегі күтім, паллиативті күтім және өмірдің соңында күтім жасау, емдеу кезінде жанама әсерлерді бақылау және басқару, сондай-ақ басқа да терапевтік қызметтер мен құрылғылар, оның ішінде арнайы дайындалған денсаулық сақтау қызметкерлері ұсынатын, құрметті, лайықты, мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, кемсітусіз немесе мәжбүрлеусіз, инфекцияның немесе аурудың бүкіл кезеңінде және өмір бойы тұрақты күтімді қажет ететін шұғыл көмек.

Туберкулезден зардап шеккен адам – туберкулезбен ауыратын немесе ауырып жазылған кез келген адам, сондай-ақ оған күтім жасайтын адамдар және жақын туыстары, сонымен қатар туберкулез жағдайында негізгі және осал топ өкілдері болып табылатын балалар, медицина қызметкерлері, тұрғылықты халықтар, АИТВ-мен өмір сүретін адамдар, есірткі қолданатын адамдар, тұтқындар, кеншілер, мобильді халық, мигранттар, әйелдер, сондай-ақ қалалар мен ауылдық жерлердің аз қамтылған тұрғындарын білдіреді.

Туберкулез – дәріге сезімтал туберкулезді және дәріге төзімді туберкулездің барлық түрлерін қоса алғанда, өкпе және өкпеден тыс туберкулез ауруының барлық түрлері.

2 - тарау. Туберкулезге шалдыққан адамдардың құқықтары

2 - бап. Өмір сүру құқығы

Туберкулезге шалдыққан әрбір адамның өмір сүруге ажырамас құқығы бар.

Бұл құқық туберкулез кезінде өмірді құтқаруға бағытталған медициналық көмекке құқықты қамтиды.

3 - бап. Қадір-қасиет құқығы

Туберкулезге шалдыққан әрбір адам лайықты және құрметті қарым-қатынасқа құқылы.

Бұл құқық қоғамдық денсаулық сақтау мақсаттарына жетудің құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар кемсітусіз, стигмасыз, теріс пікірлерсіз немесе мәжбүрлеусіз, оның ішінде медициналық мекемелер мен бас бостандығынан айыру орындарында тәуелсіз және өзіне тән құндылыққа ие тәуелсіз адам құқығын қамтиды.

4 - бап. Физикалық және психикалық денсаулықтың ең жоғары қол жетімді деңгейіне құқығы (Денсаулық құқығы)

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам физикалық және психикалық денсаулықтың ең жоғары қол жетімді деңгейіне құқылы.

Бұл құқық, денсаулық сақтау қызметтерімен жалпыға бірдей қамтудың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде, туберкулез кезінде қолжетімді, қолайлы және жоғары сапалы медициналық көмек алу құқығын қамтиды, балалар үшін қолайлы бекітілген дозалардың комбинациясын, сондай-ақ халықтың негізгі және осал топтарының өкілдері үшін туберкулез инфекциясы кезінде тестілеу мен профилактикалық терапияны қоса алғанда, туберкулездің болжамды бар екендігін куәландыратын айғақтармен жүгінген сәттен бастап, емдеу аяқталғанға дейін және одан кейінгі кезеңде арнайы оқытылған медицина қызметкерлері ұсынатын үздіксіз күтімді қажет ететін адамдар үшін, қажет болған жағдайда қоғамдастық деңгейінде, жасына, туылуына, терісінің түсіне, мәдениетіне,

азаматтығына, мүгедектігіне, этникалық тегіне, қаржылық жағдайына, гендерлік сәйкестілігіне, тіліне, құқықтық мәртебесіне, саяси немесе өзге де наным-сенімдеріне, өзге де аурулардың болуына, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, нәсіліне, дініне, жынысына, жыныстық бағдарына немесе кез келген өзге де мән-жайларға, оның ішінде мемлекет ұстаған немесе өзге де жолмен бас бостандығынан айырылған адамдар үшін құрметпен, лайықты, мәжбүрлеуден, стигматизациялаудан және қандай да бір кемсітушіліктен, туберкулез контекстінде шешуші болып табылатын топтарға ерекше назар аудара отырып.

5 - бап. Азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттерден бостандық құқығы

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адамның азаптаудан және өзге де қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттен немесе жазадан бостандыққа құқығы бар.

Бұл құқық, мемлекет бостандығын шектеген немесе өзге де жолмен бас бостандығынан айырылған барлық адамдар үшін туберкулез кезінде мемлекет есебінен қандай да бір шектеусіз медициналық көмек алу құқығын қамтиды. Сондай-ақ, ол қамауда ұстаудың лайықты, қауіпсіз және гигиеналық шарттарын сақтай отырып, толып кетпейтін, жеткілікті желдету және толық тамақтану құқығын қамтиды. Бұл құқық сондай-ақ азаптаулар немесе басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер деңгейіне жететін қоғамдық денсаулық сақтау мекемелеріндегі медицина қызметкерлерінің туберкулезбен ауыратын адамдарды емдеуіне де қолданылады.

6 - бап. Теңдік және кемсітушіліктен бостандық құқығы

Туберкулезге шалдыққан барлық адамдар заң алдында тең және қандай да бір кемсітусіз заңмен тең қорғалуға және жасына, туылуына, терісінің түсіне, мәдениетіне, азаматтығына, мүгедектігіне, этникалық тегіне, қаржылық жағдайына, гендерлік сәйкестілігіне, тіліне, құқықтық мәртебесіне, саяси немесе өзге де нанымдарына, өзге аурулардың болуына, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, нәсіліне, дініне, жынысына, жыныстық бағдарына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қатысты қандай да бір белгі бойынша кемсідудің барлық түрінен бостандыққа құқылы.

Бұл құқық туберкулезбен ауыратын әрбір адамның өмірдің барлық салаларында кемсітушіліктің барлық түрлерінен бостандық алу, соның ішінде әлеуметтік қамсыздандыру мен мемлекеттік жәрдемақыларға қол жеткізуге, бала тууға және ана болуға, білім алуға, жұмыспен қамтылуына, денсаулығын сақтандыруға, тұрғын үй мен некеге тұру құқығын қамтиды.

7 - бап. **Бостандық және жеке басына тиіспеушілік құқығы**

Туберкулезге шалдыққан әрбір адамның бостандыққа және жеке басының қауіпсіздігіне құқығы бар. Туберкулезге шалдыққан бірде-бір адамды, заңды түрде белгіленген негіздерде немесе заңда бекітілген іс-шара негізінде болмаса, бас бостандығынан айыруға болмайды. Туберкулезге шалдыққан, бас бостандығынан айырылған әрбір адам, адамгершілік қарым-қатынасқа және жеке басына тән ажырамас қадір-қасиетке сай құрметке құқылы.

Мәжбүрлеп ұстау, ауруханаға жатқызу немесе туберкулезбен ауыратын адамды оқшаулау - бұл бас бостандығынан айыру және жеке басының қауіпсіздігін бұзу болып табылады. Сондықтан, нақты медициналық деректер негізінде, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының туберкулезді жою жөніндегі стратегиясын іске асыру жөніндегі этикалық Нұсқаулықтың 15-тарауына сәйкес мәжбүрлеп емдеуге жатқызуға немесе оқшаулауға тек белгілі бір жағдайларда, барынша қысқа мерзімге төтенше шара ретінде ғана жол беріледі:

- Адамның жұқпалы екендігі белгілі болып, сонымен бірге ол тиімді емдеуден бас тартса және сәйкестікті қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды шаралар қабылданып және сәтсіз аяқталса;
НЕМЕСЕ
- Адам жұқпалы екені белгілі болып, амбулаториялық емделуге келіскен, бірақ үй жағдайында инфекциялық бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ және стационарлық көмектен бас тартса;
НЕМЕСЕ
- Жоғары ықтималдықпен адам жұқпалы болуы мүмкін (зертханалық мәліметтерге сүйене отырып), бірақ өзінің инфекциялық мәртебесін бағалаудан бас тартса, ал оның қажеттіліктеріне сәйкес емдеу жоспарын жасау үшін науқаспен жұмыс істеу бағытында қолдан келгеннің бәрі жасалса.

Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және әлеуметтік Кеңесі бекіткен азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің ережелерінен шектеулер мен ауытқуларды түсіндірудің Сиракузалық қағидаттарына сәйкес, туберкулезбен ауыратын адамдарды мәжбүрлеп ұстауға, ауруханаға жатқызуға немесе оқшаулауға байланысты бас бостандығынан айыру ақталған болып табылады, егер ол:

1. Бас бостандығынан айыру кезінде қолданыстағы ұлттық заңнамаға сәйкес келсе;
2. Заңды мақсатқа негізделген және халықтың немесе қоғамның жекелеген мүшелерінің денсаулығына елеулі қауіп-қатердің алдын алуға сәйкес келсе;
3. Жағдайдың ауырлығына қатаң байланысты болса;
4. Мақсатқа жету үшін қол жетімді ең аз шектеу құралы болып табылса;
СОНДАЙ-АҚ
5. Ерікті, қорлайтын немесе кемсітетін емес болса.

Аталған іс шаралар нақты дәлелденген жағдайда, қамауда ұстау, туберкулезбен ауыратын адамды ауруханаға жатқызу немесе оқшаулау медициналық тұрғыдан дұрыс жағдайда, инфекциялық бақылаудың тиімді шараларымен, жоғарыда көрсетілген жағдайлар әрекет еткенге дейін ғана барынша қысқа мерзімге жүзеге асырылуы тиіс; адам ерікті негізде медициналық көмек алуы керек; барлық басқа құқықтар мен бостандықтар қорғалуы керек, тиісті сот талқылауы мен шағымданудың тетіктері бар және қол жетімді болуы керек және мемлекет, ең болмағанда, адамның негізгі қажеттіліктерін, оның ішінде тамақ пен судың жеткілікті мөлшерде болуын, сондай-ақ құқықтарды шектеу белгілі бір мақсатқа жетуге тиімді қызмет ететіндігіне кепілдік беру үшін қажет болатын кез-келген басқа қажеттіліктерді сақтауы керек.

8 - бап. **Еркін жүріп-тұру құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам кез-келген мемлекеттің аумағында заңды түрде еркін жүріп-тұруға және осы аумақта тұратын жерді таңдау еркіндігіне құқылы.

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам кез-келген елден, соның ішінде өз елінен кетуге құқылы.

Жоғарыда аталған құқықтар мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығын немесе имандылығын немесе басқалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажет және осы Декларацияның 7-бабының мәні бойынша бостандыққа және жеке басына қол сұғылмаушылыққа құқықты қоса алғанда, адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттарда танылған құқықтармен үйлесімді, Заңда көзделгендерден басқа ешқандай шектеулердің объектісі бола алмайды.

Бұл туберкулезге шалдығу, мемлекет аумағына кіруге рұқсат бермеуге немесе қайта кіруге рұқсат бермеуге, мемлекет аумағынан депортациялауға немесе шығарып жіберуге негіз бола алмайтынын білдіреді. Сондай-ақ, бұл туберкулез, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының туберкулезді жою жөніндегі стратегиясын іске асыру жөніндегі этикалық нұсқаудың 15-тарауына сәйкес осы Декларацияның 7-бабында белгіленген белгілі бір жағдайларды қоспағанда, мемлекет аумағында жүріп-тұруды немесе жүріп-тұруды шектеу үшін негіз бола алмайтындығын білдіреді.

9 - бап. **Жеке және отбасылық өмір сүру құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам өзінің жеке және отбасылық өміріне ешкімнің өз еркімен немесе заңсыз араласуына жол бермеуге құқығы бар, өзінің тұрғын үйіне қол сұғушылыққа немесе оның хат-хабарының құпиясына ерікті немесе заңсыз қол сұғушылыққа немесе оның ар-намысы мен беделіне заңсыз қол сұғушылыққа жол бермеуге құқығы бар. Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам мұндай араласудан немесе осындай қол сұғушылықтан заңды қорғалуға құқылы.

Бұл құқық, туберкулезбен ауыратын адамдардың денсаулық жағдайын, жеке медициналық ақпаратты және деректерді құпия сақтау құқығын қамтиды. Оған қоса некеге тұру, отбасын құру, балалы болу және оларға қамқорлық жасау құқығы кіреді.

10 - бап. **Құпиялылық құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам жеке медициналық ақпараттың және деректердің құпия сақталуына құқылы.

Бұл туберкулезден зардап шеккен адам туралы жеке медициналық ақпаратты немесе деректерді, оның ішінде еңбек қатынастары контекстінде ашу, беру немесе электрондық немесе өзге түрде беру дегенді білдіреді және бұл тек қана денсаулық сақтау немесе қоғамдық денсаулықты сақтау мақсатында жасалған жағдайларда ғана жүзеге асырылады. Қоғамдық денсаулықты сақтау мақсатында, соның ішінде эпидемиологиялық қадағалауға немесе денсаулық сақтау қызметтерін көрсету бағдарламаларына байланысты мұндай ақпарат, бұл адамның жеке басын анықтауға болатын аты немесе басқа да мәліметтер көрсетілмей жасырын түрде жасалса ғана, адамның хабардар етілген келісімісіз берілуі мүмкін.

Құпиялылық құқығы сонымен қатар науқаспен жақын қарым қатынаста болған адамдарды іздеу, тексеру кезінде және осыған байланысты басқа да қоғамдық денсаулық сақтау іс-шараларын бақылау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру кезінде құрметтелуі және ескерілуі тиіс. Бұл құқық туберкулезден зардап шеккен адамдарға диагнозы бойынша толықтай кеңес алуға, инфекцияның пайда болу ықтималдығы туралы науқаспен байланыста болған адамдарға қалай және қашан хабарлау туралы бірлескен шешім қабылдауға және медициналық және әлеуметтік қызметкерлерге қолдау көрсету және процесте туындауы мүмкін сұрақтарға жауап беру үшін қол жетімділікті қамтамасыз етуді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

11 - бап. **Ақпарат алу құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам ақпаратты іздеуге, алуға және таратуға құқылы.

Бұл туберкулез инфекциясы мен ауру туралы ақпарат, оның ішінде ауру белгілері, туберкулезді медициналық зерттеу және денсаулық сақтау технологияларын дамыту және оның алдын алу, диагностикалау және емдеу бойынша қызметтер, оның ішінде емдеу кезінде болуы мүмкін жанама әсерлер туралы мәлімет толық, қол жетімді, қолайлы және жақсы сапалы болуы керек, жасына және жынысына сәйкес, мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, түсінікті тәсілмен ақпарат алатын адамға түсінікті тілде таратылуы керек дегенді білдіреді.

Бұл сонымен қатар туберкулезден зардап шеккен әрбір адамның, кем дегенде мынадай құқығы бар екенін білдіреді:

- Олардың медициналық жазбаларының ресми көшірмелерін сұратуға және алуға;
- Туберкулез ауруы немесе инфекциясы туралы әсіресе халықтың негізгі және осал топтары үшін олардың денсаулық жағдайы туралы уақтылы, дәл және түсінікті мәлімет алуға;
- Диагноз қойылған сәттен бастап емдеу аяқталғанға дейін кез келген уақытта ерікті кеңес алуға қол жеткізуге;
- Емдеудің артықшылықтарын, қауіп-қатерін және қаржылық шығындарын, профилактикалық емдеуді қоса алғанда, ұсынылатын емдеуді, сондай-ақ емдеудің ықтимал баламаларын, олардың атаулары, мөлшері, ықтимал жанама әсерлері және ол кері әсерді болдырмау немесе азайту тәсілдері сияқты нақты тағайындалған дәрілер туралы, сондай-ақ қатар жүретін аурулар немесе инфекциялар қолда барда АИТВ инфекциясын емдеуге арналған антиретровирустық препараттар сияқты басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесудің ықтимал әсерлері туралы толық ақпаратты білуге.

12 - бап. **Ақпараттандырылған келісімге құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам ақпараттандырылған келісім алуға құқылы.

Бұл медициналық қызметтерді ерікті түрде көрсету арқылы адамның дербестігін, өзін-өзі анықтауы мен қадір-қасиетін құрметтеуді білдіреді. Ол ақпарат алатын адамға түсінікті тілде, түсінікті тәсілмен берілетін мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, жасына және жынысына сәйкес берілген ақпаратпен туберкулезбен байланысты диагностиканың, емдеудің және медициналық зерттеулердің барлық нысандарына - жағдайға байланысты ауызша немесе жазбаша ақпараттандырылған келісім алу құқығын қамтиды. Ақпараттандырылған келісім бере алмайтын туберкулезден зардап шеккен балалар үшін олардың ата-аналары немесе заңды қамқоршылары туберкулезбен байланысты диагностикаға, емдеуге немесе медициналық зерттеулерге қатысты барлық медициналық шешімдер нақты медициналық дәлелдерге сүйене отырып, баланың мүдделеріне сай болуы керек.

Ақпараттандырылған келісім алу құқығы Туберкулезді жою жөніндегі стратегияны іске асыру жөніндегі Этикалық нұсқаулықтың 15-тарауына сәйкес туберкулез кезінде медициналық көмектен бас тарту құқығын қамтиды. Этикалық нұсқаулық туберкулезбен ауыратын адамдарды мәжбүрлеп емдеуге ешқандай жағдайда жол берілмеуін көздейді, өйткені бұл, басқалармен қатар, физикалық тұтастыққа қол сұғушылық болып табылады және денсаулық сақтау қызметкерлеріне қауіп төндіруі мүмкін.

13 - бап. **Білім алу құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адамның білім алуға құқығы бар.

Бұл құқық кемсітпеушілік негізде, оның ішінде мүгедектер мен нашар еститін немесе нашар көретін адамдар үшін тегін және міндетті бастауыш білім алу құқығын және орта, жоғары білімге, оның ішінде техникалық және кәсіптік білімге қол жеткізу құқығын қамтиды. Туберкулезбен ауыратын балаларда аурудың жұқпалы түрі сақталған және емделіп жатқан кезінде, сабақты дәлелді себептермен өткізіп жіберуге рұқсат алуға және сабаққа қашықтықтан қатысу және онлайн-оқыту сияқты білім алуды үзіліссіз жалғастыруға мүмкіндік беретін басқа да шараларға құқылы. Туберкулезден зардап шеккен балалар ұзақ уақыт ауруханаға жатқызуды қажет ететін сирек жағдайларда, олар сондай емдеу курсы кезінде қашықтықтан оқуға құқылы.

14 - бап. **Еңбек ету құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адамның жұмыс істеуге құқығы бар және туберкулезге шалдыққан бірде бір адам құлдықта ұсталмауы, мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке тартылмауы керек.

Бұл құқық қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларына, оның ішінде денсаулық сақтау қызметкерлеріне және денсаулық сақтау мекемелерінде жұмыс істейтін барлық адамдарға, кеншілерге, еңбек мигранттарына және туберкулезбен ауыру қаупі жоғары барлық басқа қызметкерлер құқығын қамтиды. Сондай-ақ, оған жұмысқа қабылдау немесе жұмыс таңдау туралы еркін шешім қабылдау құқығы, және қандай да бір айырмашылықтарсыз және тең шарттарда бірдей құнды барлық жыныс адамдар арқылы орындалатын еңбек үшін әділ жалақы және тең сыйақы алу құқығы кіреді.

Туберкулезден зардап шеккен әр адамның тиісті еңбек жағдайларына, оның ішінде демалыс және үзілістерге, олардың диагноз қойылғаннан кейін еңбек қатынастарын сақтауға мүмкіндік беретін және науқас туберкулездың жұқпалы түрімен емделіп жүрген кезеңінде ұқсас жағдайларда еңбек қатынастарын өзгеріссіз ұстауға құқығы бар. Егер ұзақ мерзімді ауруханаға жатқызу, ішінара немесе тұрақты еңбекке жарамсыздыққа байланысты, туберкулезбен ауыратын адам заңмен немесе еңбек шартының талаптарында белгіленген шектеулерге байланысты өз жұмысын сақтай алмаса, ол осы Декларацияның 18-бабына сәйкес әлеуметтік қамсыздандыруға құқылы.

15 - бап. **Жеткілікті тамақтану құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адамның жеткілікті тамақтануға және аштық пен жеткіліксіз тамақтанудан бостандық құқығы бар.

Бұл құқық туберкулезге шалдыққан, оның ішінде бас бостандығынан айырылған адамдарға медициналық көмек көрсетудегі ерекше маңызы бар тағамдарды қоса алғанда, жеткілікті тамақтануға және қауіпсіз тағамға физикалық және экономикалық қол жетімділікті қамтиды. Сондай-ақ, ол емделу кезінде қажет болған жағдайда тамақтануды қолдау терапиясын қамтиды.

16 - бап. **Тұрғын үйге құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адамның жеткілікті тұрғын үйге құқығы бар.

Бұл құқық мәжбүрлеп шығарудан, қудалаудан және басқа да қауіп-қатерлерден құқықтық қорғауды қамтамасыз ететін иелену құқығының кепілдігімен қолайлы жерде қолжетімді, тұруға жарамды тұрғын үйге құқықты қамтиды. Сондай-ақ, ол қызметтердің, материалдардың, жабдықтар мен инфрақұрылымның болуын, соның ішінде тиісті санитарлық жағдайлар мен желдетуді, жылытуды, жарықтандыруды және қалдықтарды жоюды қамтиды.

17 - бап. **Су және санитарияға құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам су мен санитарияға құқылы. Бұл құқық әйелдер мен балалардың қажеттіліктерін ескере отырып, қауіпсіз ауыз суға және кемсітусіз санитарлық-гигиеналық қызметтерге,

әсіресе қалалық жерлерде ауылдық, байырғы және дамымаған қалалық аудандарда, соның ішінде бейресми елді мекендер мен баспанасыз тұрғындарға қол жеткізу құқығын қамтиды.

18 - бап. **Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адамның әлеуметтік қамсыздандыруға және әлеуметтік сақтандыруға құқығы бар, оның ішінде жұмыссыздық, мүгедектік, кәрілік немесе басқа ол адамға байланысты емес себептерден келіп шыққан жағдайларға байланысты тіршілік етуге керекті қаржы жоғалту жағдайларында әлеуметтік қамсыздандыруға және әлеуметтік сақтандыруға құқығы бар.

Бұл туберкулезден зардап шеккен әрбір адамның туберкулезге қарсы медициналық көмек алмағанына немесе туберкулезбен емдеу режимін ұстанбайтынына қарамастан, әлеуметтік қамсыздандыруға құқығы бар екенін білдіреді. Бұл құқық, атап айтқанда, аурудан, мүгедектіктен, ана атанудан, өндірістік жарақаттардан, жұмыссыздықтан, зейнет жасының келуінен немесе отбасы мүшесінің қайтыс болуынан туындаған жұмыстан түсетін табыстың болмауынан; қол жетімді денсаулық сақтаудың болмауынан; немесе оның қамтамасыз етуіндегі балалар мен ересектер үшін отбасылық қолдаудың жеткіліксіздігінен қорғауды қамтамасыз ету үшін ақшалай да, заттай да жәрдемақыларға қол жеткізу және оларды сақтау құқығын қамтиды.

Атап айтқанда, жұмыс орнында туберкулез инфекциясын жұқтырған немесе ауырып қалған әрбір адам өзінің кәсіби ауруына байланысты медициналық және басқа да шығындардың өтемақысын үздіксіз алуға құқылы.

19 - бап. **Пікір білдіру бостандығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам пікір білдіру бостандығына құқылы.

Бұл құқық үкімет тарапынан араласу немесе қудалаусыз, туберкулез ауруы және туберкулез ауруына шалдыққан адамдардың тәжірибесі жайлы ақпарат пен идеяларды әлеуметтік желілерден іздеу, бөлісу және өз пікірін еркін білдіру бостандығын қамтиды.

20 - бап. **Жиналу және ассоциация бостандығы құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам бейбіт жиналысқа және өзге адамдармен ассоциация құру бостандығына құқылы.

Бұл құқық туберкулез ауруына шалдыққан адамдардың, сонымен қатар жаза өтеу орындарындағы ауруға шалдыққандардың құқықтарын қорғау мақсатында олардың атынан әрекет ететін үкіметтік емес ұйымдар мен топтар құру, оларға қосылу және топтардың жұмысына қатысу құқығын қамтиды. Ол туберкулез ауруына қатысты мәселелерді шешу мақсатында бейбіт қоғамдық наразылықтар ұйымдастыру және өткізу құқығын да қамтиды.

Бұл құқықты жүзеге асыру туберкулез ауруына шалдыққан адамдардың мүдделерін көздейтін немесе әрекет ететін үкіметтік емес ұйымдар мен топтарды құруға және олардың жұмысына мүмкіндік беретін, қолдау көрсететін құқықтық және саяси ортаны қажет етеді. Бұл құқықтарды жүзеге асыру заңда және демократиялық ортада қарастырылған мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, халық денсаулығын және өзге адамдардың құқықтары мен бостандығын қорғау мүдделерін талап ететін шаралардан басқа шектеулерге ұшырамайды. Бұл бап қарулы күштер мен полиция қызметкерлеріне осы құқықты жүзеге асыруға заңды шектеулер қоюға кедергі келтірмейді.

21 - бап. **Қатысу құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам қоғамдық ұйымдар арқылы, тікелей және еркін сайланған өкілдер арқылы қоғамдық істерге қатысуға құқығы бар.

Бұл құқық туберкулез ауруына байланысты медициналық зерттеулерге және туберкулез ауруы саласындағы медициналық зерттеулерге қатысты заңдарды, саясатты, ережелерді, нұсқаулықтарды, бюджет пен бағдарламаларды дайындау, іске асырудың, бақылаудың және бағалаудың барлық процестеріне сыртқы қолдау және қажет болған жағдайда үкіметтің, халықаралық ұйымдардың, жергілікті топтар мен азаматтық қоғамдық ұйымдардың мазмұнды және тиімді көмегі арқылы мағыналы қатысу құқығын қамтиды.

22 - бап. **Сот төрелігі және тиісті сот талқылаулар құқығы**

Туберкулезден зардап шеккен әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталған әрбір адам заңға сәйкес құрылған құзыретті, тәуелсіз және бейтарап сотта негізсіз кідіріссіз әділ және жария тыңдалым алуға, құқықтары бұзылған жағдайда тиімді және уақытылы шаралар қолданылуына құқылы.

Бұл құқық заңдарда немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен шағым беру құқығын, оның ішінде денсаулық сақтау органдарына, сондай-ақ бұл шағымдардың әділ және жедел шешілуіне құқықты қамтиды. Сонымен қатар, туберкулезге шалдыққан адамдардың шағым нәтижесімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органдарға апелляциялық шағым беру, шағымданушыға түсінікті тілде жазбаша түрде дәлелдеме алуына құқығы бар.

23 - бап. **Ғылыми прогресстің нәтижелерін пайдалану құқығы (Ғылымға құқығы)**

Туберкулезден зардап шеккен әрбір адам ғылыми прогресстің нәтижелерін пайдалануға құқығы бар.

Бұл туберкулезге шалдыққан әрбір адамдың ғылыми жетістіктерге, білім мен ақпарат сияқты материалдық емес игіліктер немесе туберкулез ауруының алдын алу мақсатында жасалған жаңа технологиялар сияқты елеулі нәтижелері болып табылатынына қарамастан, табиғи ресурстарды және жергілікті тұрғындардың жеке және ұжымдық зияткерлік меншігін құрметтеу шартымен, ешқандай кемсітусіз қол жеткізе алатынын білдіреді. Бұл сонымен қатар ғылыми бағдарламаларды әзірлеуден бастап клиникалық сынақ процестерінің жүргізілуіне қатысу құқығын да қамтиды.

Ғылымға құқық, сонымен қатар, мемлекеттерден ғылымды және оның артықшылықтарын сақтауды, дамытуды және таратуды талап етеді. Бұл мемлекеттердің: зерттеу жүргізу үшін инвестициялау және қолайлы құқықтық және саяси жағдайларды жасауын; ғылым және оның қолданылуын кеңінен қол жетімді жасауын, соның ішінде нәтижелерді баспаларда жариялауын, жаңа тәсілдерді бағалау үшін реттеу жүйелерін құру және ғылыми дәлелдердерге негізделген қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламалар мен саясат құруын; болашақ ұрпақ үшін ғылыми прогресспен оның артықшылықтарын сақтау және қолдауын талап ететінін білдіреді.

3 - тарау. Міндеттер мен жауапкершілік

24 - бап. Адамдардың халықаралық және аймақтық құқығы бойынша мемлекеттердің міндеттемелері

Мемлекеттер туберкулезден зардап шеккен адамдардың халықаралық және аймақтық адам құқығы туралы құқықпен белгіленген, соның ішінде осы Декларацияда бекітілген құқықтарын құрметтеуге, қорғауға және орындауға қатысты заңды міндеттемелерге ие.

- I. **Құрметтеу міндеті:** мемлекеттер туберкулезден зардап шеккен адамдардың құқықтарына араласудан аулақ болулары керек;
- II. **Қорғау міндеті:** мемлекеттер үшінші тараптардың, соның ішінде мемлекеттік емес субъектілердің, жеке медициналық қызмет көрсетушілердің, жеке медициналық сақтандырушы компаниялардың, фармацевтикалық, диагностикалық компаниялардың және де басқа тұлғалардың туберкулезден зардап шеккен адамдардың құқықтарына араласпауы үшін шаралар қабылдауы керек;
- III. **Орындау міндеті:** мемлекеттер туберкулезге шалдыққан адамдардың құқықтарын толық іске асыру үшін өздерінің қолда бар ресурстарының максималды деңгейіне негізделген заңнамалық, әкімшілік, бюджеттік, ақпараттық және басқа шараларды қабылдауы керек.

25 - бап. Адам құқығы туралы халықаралық және аймақтық заңдарға сәйкес мемлекеттік емес субъектілердің міндеттері

Мемлекеттік емес субъектілер, соның ішінде жеке медициналық қызмет көрсетушілердің, жеке медициналық сақтандырушы компаниялардың, фармацевтикалық, диагностикалық компаниялардың және де басқа коммерциялық қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, туберкулезге шалдыққан адамдардың құқықтарын, соның ішінде осы Декларацияда бекітілген құқықтарын құрметтеуге міндетті. Бұл мемлекеттік емес субъектілер туберкулезден зардап шеккен адамдардың құқықтарының бұзылуын болдырмауға және туберкулезге шалдыққан адамдардың осы құқықтары бұзылуына байланысты кез келген жағымсыз әсерлерді жоюға міндетті.

2019 ж. мамыр айында жарияланды

ТВpeople мен байланыс:

facebook.com/tbpeople, twitter @realTBpeople,
info@tbpeople.org.uk

Stop TB Partnership мен байланысу:

facebook.com/StopTBPartnership,
instagram.com/stoptb, twitter @StopTB,
www.stoptb.org, communications@stoptb.org

ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ШАЛДЫҚҚАН АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ



Декларацияны қазақ тіліне аудару «Санат әлемі» қоғамдық қорының қолдауымен жүзеге асырылды.

Туберкулезден зардап шеккен адамдардың құқықтары туралы Декларацияны әзірлеу АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі (USAID) арқылы америка халқының қолдауы арқасында мүмкін болды.



Stop TB Partnership

STOP TB PEOPLE